

Мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 175 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 7568 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың келесі:

2010 жылғы 7 шілдедегі № 189 "Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-121 тіркелген, 2010 жылғы 12 тамызда "Әуликөл" газетінде жарияланған);

2016 жылғы 29 қарашадағы № 70 "Әуликөл ауданы бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6761 тіркелген, 2016 жылғы 29 желтоқсанда "Әуликөл" газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессияның төрағасы

Ю. Волков

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Д. Қойшыбаев

КЕЛІСІЛДІ

Әуликөл ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер

басқармасының басшысы

_____ Нұрахметова Г.К.

КЕЛІСІЛДІ

"Әуликөл ауданы әкімдігінің жер

қатынастары бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

_____ Бекмурзин А.Т.